

## **Қазақстан Республикасында 15-тен 25 жасқа дейінгі тұрғындарды қызылша мен қызамыққа қарсы жаппай иммундауды ұйымдастыру және жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 22 қаңтардағы N 11-ө  
Өкімі

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Ішкі істер, Қорғаныс, Әділет министрліктері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 2005 жылғы 21 ақпаннан бастап 7 наурыз аралығында 15-тен 25 жасқа дейінгі тұрғындарды қызылша мен қызамыққа қарсы жаппай иммундауды ұйымдастыруды және жүргізуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі осы өкімнен туындайтын ұйымдастыру іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін және 2005 жылғы 5 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне 15-тен 25 жасқа дейінгі тұрғындарды қызылша мен қызамыққа қарсы жаппай иммундауды жүргізудің нәтижелері туралы ақпарат берсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

*Премьер-Министр*